

**«Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнындағы сыбайлас
жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөнінде өткізілген семинар
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қ-сы

24 қаңтар 2023ж

Қатысқан адамдар саны: 21

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі іс-қимыл бойынша 2023 жылға арналған іс-шара жоспарына сәйкес, «Қазақстан Республикасы 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы: негізгі мақсаттар және міндеттер» атты тақырыпта семинар кеңестің өтілуі туралы.

Комплаенс-офицер У.Асаева Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы іске асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң үдерістер» атты тақырыпта баяндамамен ашты. Ол өз баяндамасында осы күнге дейінгі сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді. Атап айтатын болсақ Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізгені туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын оң үдерістер байқалды. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылды. Баяндама барысында қазіргі таңда жазадан ешкімнің де бұлтартпастығы қағидаты туралы түсіндіріп өтті.

Музей қызметкерлеріне арнайы дайындалған жемқорлыққа қарсы күрес бойынша парақшалар көрсетіліп таратылды. Баяндама барысында осы сала бойынша мекеме қызметкерлері өз сауаттылықтарын одан ары дамытты деп ойлаймын.

Комплаенс-менеджер Ж.Ақәділ: «Шешімін талап ететін проблемалар» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамашы қазіргі таңда шешімін таппаған сұрақтар мен проблемалардың бар екендігі жайлы айтып кетті. Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік – экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда заң аясында көптеген жұмыстар атқарылып, көптеген адамдар жауапқа тартылып жатқандығын ескеретін болсақ, сонда да елімізде жемқорлық дерті өршіп тұрғандығы айтылды. Жемқорлық бойынша тек бір тарап ғана емес екінші тарапта жауапты екендігі туралы айтылды. Алдын алу – профилактикалық жұмыста да жүйелілік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.

Сөйледі: музейдің экономисі Б.Жұпарбеков

Жемқорлық қазіргі таңда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі екендігін атап айтты. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық заңдарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызметкерлерге осы семинар арқылы әр адам Жемқорлыққа жоқ деп айта алатындай сауатты және саналы болуы керектігін түсіндірді.

Шешім:

1. Мекеме қызметкерлерімен өткен «Қазақстан Республикасы 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы: негізгі мақсаттар және міндеттер» тақырыбында өткен жиналыс қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы:



М.Асқарова

Хатшы:



У.Асаева